

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 66

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

302 / 302-306

Автор(лар):

Рақымжанқызы Арайлым

Мақала атауы:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОТ ТӨРЕЛІГІ: БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

УДК 343.1

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОТ ТӨРЕЛІГІ: БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Рақымжанқызы Арайлым

6B04202 – Құқық қорғау қызметі білім бағдарламасының 3 курс студенті
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі - **Мухамбетова Г.С.**

Қазақстан Республикасы – демократиялы, құқықтық, мемлекеттің елдігі мен тұтастығын халықтың әл-ауқатын көтеру мен экономикалық жағдайын жақсарту арқылы баянды етуге бағдарланған ел.

Қазақстанның сот жүйесі елдің жалпы жағдаймен қатар өзгеріп келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері сот жүйесі ескі кеңестік сарқыншақтардан арылды, қолданысқа жаңа институттар енгізілді, жаңа заңдар қабылданып, судьялар корпусының тиімді қызмет етуі үшін тәуелсіз сот жүйесінің қағидатына негізделген база қалыптасты.

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің дамуын салыстырмалы түрде азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету деңгейінің өзгерістерімен, соттардың қол жетімділігімен, сот жүйесінің жоғары әлемдік өлшемдерге сәйкес қайта құрылуымен сипатталатын кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

Тарихқа көз жүгіртіп қарасақ, қазақ халқының тарихында құқықтық мәдениеттің салмағы басым. Бұл мәдениет ұлттық әдет - ғұрыптан тамыр алады. Халқымыздың құқықтық болмысы мен мәдениетін зерделеп, тәуелсіз еліміздің құқықтық жүйесіне үйлестіре пайдаланудың құқықтық мемлекет құрудағы маңызы зор болды.

Тарихи құндылықтарымыздың бірі – даулардың әділ шешімі мен төрелігін кесіп айтқан билер соты болатын. Ежелден ақ қазақ халқы қара қылды қақ жарып, даудың әділдігін айтқан би шешендерін қадірлеп қастерлей білген.

Халық арасында іріткі саларлық жер дауы, жесір дауы өршігінде, ел шетіне жау тиіп, жаугершілік өрті күшейгенде, сонымен қатар, көрші елдермен байланыс жасап, түрлі қарым - қатынас орнатар шақта билер кеңесін шақырып, негізгі мәселелерді билермен ақылдасып, көпті көрген қазыналы қарттармен әрбір түйіннің шешімін тауып, реттеп отырған. Осылай, қазақ даласының ұлағатты билерінің тәжірибесі бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, болашақ ұрпаққа рухани мұра қалдырды [1].

Билер соты тарих қойнауында қалса да, оның беделі мен мәртебесі бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Тәуелсіз Қазақстанның сот төрелігі ата – бабамыздан келе жатырған билер дәстүрінің негізінде құрылып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда өміршеңдігін көрсетіп, ұлттық құндылықтардың сақталуына, әділ төрелік етіп, халық арасында даулардың азаюына өз үлесін қосуда.

Беріде қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі болып табылатын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын дала заңдары жарияланды. Заңдар жинағы – «Жеті жарғыны» бекіттірген, Өз Тәуке ханның тұсында билік еткен үш төбе биіміз – Төле би, Қазыбек би мен Әйтеке би төрге шықты.

Қазақ билері бүгінгі болашағымыздың жарқын және кемел болуына көп еңбек сіңірді, дамып, өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты. Билер жүйесі мемлекетіміздің қалыптасуына, халқымыздың ой-санасының, әлеуметі мен мәдениетінің өсуіне зор ықпал етті. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар» деген бабаларымыздан қалған ұлы сөз бар. Қазақ қоғамындағы белгілі бір тектілік қасиеттерді ұстанған турашыл би-шешендеріміздің «қара қылды қақ жарған» әділ шешімдерінің ел, ру арасында орындалуы міндетті шарт болып табылған. Әрбір би әділ шешімдерінің өз ортасына ғана емес, дүйім жұртқа жайылғанын қалаған. Осындай мәртебе арқылы ел сеніміне ие болып, үмітін ақтау үшін аянбай қызмет еткен.

Қазақ даласында сот органдарының пайда болу және қалыптастыру тарихы – қазақ қоғамының жылынамасындағы ерекше беттер. Қазақстандық сот билігін қалыптастыру мен бекітудің негізгі өлшемдерін түсініп ұғыну үшін қазақ даласындағы қарапайым құқық тарихнамасын біліп қана қоймай, мемлекет аумағында қолданылған құқық нормаларының, заңдар мен салт-дәстүрлердің тарихы мен оның дамуын терең игеру қажет.

Қазақ халқының тарихындағы сот төрелігі қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіне терең тамырын жайған. Билерге тиесілі сот билігінің қазақ қоғамында ерекше маңызы бар, ол басқару жүйесінде биліктің жетекші нысанына айналды. Көшпелі ұжымдарда басқару функциясы негізінен ұжымның ішінде де, рулар мен олардың қарауындағылардың да даулары мен талаптарын талқылаудан тұрды [2]. Судьялар нормаларды, дәйектемелерді түсіндіруде және шешімдер шығаруды талқылауда, сондай-ақ осы шешімдерді орындауға келтіру әдістері мен нысандарын айқындауда едәуір құқықтарға ие болды.

Билердің қызметі тек сот төрелігін жүзеге асырумен шектелмей, олар қоғам өмірінің басқа да салаларына белсене қатысты: біріктіруші, бағыт беруші және жасампаз ретінде сөз сөйледі. Олардың салмақты пікірлерімен тіпті, жоғары шонжарлар – сұлтандар мен хандар санасты. Билердің көшпенді ұжымдардың басында да тұруы да аз емес. Демек, сол кездің өзінде соттар аса құрметті және тәуелсіз орган болған.

Конституция мен соттар туралы Конституциялық Заңда сот билігін іске асырудың негізгі және маңызды нысаны сот төрелігін жүзеге асыру болып табылатыны айқындалған. Ғылыми әдебиетте сот төрелігі ұғымы оның түрлі қырларында ашылады. Авторлардың көпшілігі сот төрелігін сот отырыстарында іс жүргізу тәртібімен жасалатын арнайы мемлекеттік органдардың материалдық нормаларын қолдана отырып, азаматтық, қылмыстық және өзге істерді қарау және шешу жөніндегі қызметі ретінде айқындайды.

Сот төрелігі – адам мен азаматтың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымды адамдардың аса маңызды құқықтары мен заңды жүзеге асыруға тікелей қатысы бар құқық қорғау қызметінің функциясы.

Оның міндеттеріне басқа да құқық қорғау функцияларын да орындау бағындырылған. Мысалы, қылмыстық іс бойынша сот төрелігі, егер осы іс алдын ала құзыретті органдар жан-жақты және толық тергемесе, егер олар барлық қажетті дәлелдемелерді анықтамасы және т.б. заңды, негізді және әділ жүзеге асырылмаған болар еді. Сондықтан, сот төрелігі – құқық қорғау қызметінің тұтастай алғанда жүрегі.

Процесте немесе сот төрелігін атқару қорытындысы бойынша қабылданатын заң әдебиеттерінде сот төрелігі актілері деп аталатын сот шешімдері (қылмыстық істер бойынша үкімдер, азаматтық істер бойынша шешімдер) заңнамаға сәйкес ерекше сипаттар беріледі. Олардың бірі – жалпыға міндеттілік. Ол, атап айтқанда, заңды күшіне енген үкім, ұйғарым немесе істі қараған кезде сот шығарған қаулының барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар, лауазымды адамдар мен азаматар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының барлық аумағында орындауға жататындығын білдіреді. Сот шешімін орындамау немесе орындауға кедергі келтіру осыған кінәлі адамдарға қатысты түрлі тектегі санкцияларды қолдануға әкеледі.

Сот төрелігінің басқа да айырмашылық белгісі, мемлекеттік қызметтің осы түрі заңда егжей-тегжейлі регламенттелетін қатаң тәртіпті мақтау арқылы жүзеге асырылады. Айырмашылық белгілерге, ең соңында, тек ерекше орган – сот(судья) жүзеге асыратын

жатады. “Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салынады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы”, - деп “Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” ҚР Конституциялық заңында белгіленген.

Аталған айырмашылық белгілерді ескере отырып, сот төрелігін соттың сот шешімдерінің заңдылығын, негізділігін, әділдігін және жалпыға міндеттілігін қамтамасыз ететін заңның талаптары мен онымен белгіленген тәртібін бұлжытпай сақтау кезінде азаматтық, қылмыстық және өзге де заңмен белгіленген сот ісін жүргізу нысандарын қарау бойынша құқық қорғау қызметін жүзеге асыру ретінде айқындауға болады.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Дана халқымыз «Билік айту – оңай, біліп айту – қиын» деп бекер айтпаса керек. Ендеше, ақиқат жолымен жүру, әділ қазылық ету – әрбір судьяның басты парызы. Қазы – халықтың ожданы. Демек, судьяның адамгершілік және моральдық-әдептік бейнесінен мемлекетіміздің мәртебесі айқындалады деп айтсақ артық болмас. Судья жұртшылықтың сот төрелігі жүйесіне деген сенімін нығайту мақсатында мінез-құлықтың жоғары деңгейін танытуға және оны жетілдіріп отыруға міндетті. Бұл дегеніміз жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың үйлесімді ұштасуын қамтамасыз ететін тәуелсіз сот төрелігін қолдау үшін негіз болып табылады. Екіншіден, сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі билік өкілеттіктерін қоғамнан өзіне қабылдай отырып, мінез-құлық әдебінің қағидаларындағы шектеулерді сақтауға ерікті түрде міндеттенеді. Олардың негізінде қазыларымыз кәсіби міндеттерін атқаруда және күнделікті өмірде, қызметтен тыс кезінде моральдық және этикалық әдеп өлшемдерін сақтау, сондай-ақ, сот билігінің беделін түсіретін, судьяның абырой-беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде оның объективтілігі мен бейтараптылығына күмән тудыратын жағдайлардың бәрінен өзін аулақ ұстауға тиіс.

Әлеуметтік тәжірибенің салалық жағынан жаңа жағдайларына біршама бейімделе бастаған сот жүйесі өзінің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғам мен жеке адамға қатысты мемлекеттік құқық қорғау міндетін жүзеге асыру жөніндегі қызметінде барған сайын елеулі маңызға ие болады.

Қарастырылудағы мәселе шеңберінде, ең алдымен, мына жайт назар аударуға тұрады: қазіргі кезде Қазақстан Республикасының сот құрылысы республиканың бұрынғы сот жүйесінің оңды жақтарын сақтай отырып, елеулі өзгерістер жасады. Бұған қысқа мерзім ішінде Республикамызда сот құрылысы мен сот органдары қызметін жетілдіруге бағытталған жоғары мемлекеттік деңгейде бірқатар шаралар қабылданғанын қосу керек.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республиканың Жоғарғы Соты және Республиканың жергілікті соттары Республиканың соттары болып табылады. Сот Қазақстан Республикасында сот төрелігін жүзеге асыратын бірден-бір орган.

Жоғарыда келтірілген бұл ереже, ең алдымен, сот төрелігін жүзеге асыруға өкілетті сот органдары нендей бір істі шешуге қабылдай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы баянды еткен адам мен азаматтың құқықтарының, бостандықтарының, міндеттерінің нақтылығын қамтамасыз ететінін айқын көрсетеді.

Бүгінгі сот жүйесі еліміздегі түбегейлі өзгерістермен тікелей байланысты реформаларды бастан өткеруде. Реформалардың мақсаты – сот жүйесін халыққа жақындатып, мықты әрі тиімді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сенімді қорғауға қабілетті жүйе құру.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Ал заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Ендеше, судьяның әділ төрелікті дөп басып айтуы маңызды. Осы бағыттағы сот жүйесіндегі реформалар тәуелсіз Қазақстанның Жаңа Қазақстан құру жолында әділ сот төрелігін құру үшін судьялардың жауапкершілігін, көтерер жүгін арттырады. Сәйкесінше, сот корпусына талаптар күшейтілді.

Оң өзгерістер аясында соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленіп, сот құрылысы мен сот ісін жүргізудің бірыңғай тәжірибесі қалыптасты.

Бүгінгі Қазақстанның сот жүйесі Конституциямен және «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңмен реттеледі. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны Ата Заңымызда айқын жазылған.

Еліміздің сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және Конституциялық Заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ. Конституциялық заңнамалар аясында сот құзіретінің шегі кеңейіп, судьялардың тәуелсіздігі айқындалды. Осынлай іргелі жұмыстардың нәтижесінде, мемлекетіміздің сот төрелігі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, ұйымдары мен мемлекет мүдделерінің сотта тиімді қорғалуын қамтамасыз етіп отыр.

Реформалар негізінде мамандандырылған соттар құрылып, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау шегі кеңейе түсті. Сондай – ақ, сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуге, ашықтықты арттыруға және сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған шаралар қабылданды. Соның арқасында қазіргі отандық сот жүйесі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін тиімді сот арқылы қорғауды қамтамасыз ету қажеттіліктеріне жауап бере бастады.

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің бүгінгі мен болашағы, мемлекетімізде жүргізіліп жатқан сот жүйесінің жетістіктері туралы әңгіме қозғағанда, біз, ең алдымен, өз қызметін демократиялық принциптерге, халықаралық құқықтық қағидаларға негіздейтін тәуелсіз сот жүйесінің қалыптасқанын, біз таңдаған сот жүйесінің тек қоғам мен азаматтың мүдделері үшін қызмет жасайды [3].

Дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың маңызды векторы болып табылады, өйткені бұл институт қоғамдағы жанжал деңгейін төмендетуге ықпал етеді және соттарға жүктемені азайту арқылы сот төрелігін іске асыру сапасын арттырады. Осыған байланысты дауларды шешудің баламалы тәсілдерін реттеу саласында саясат жүргізетін, сондай ақ оларды тұрақты негізде кеңінен қолдануды ынталандыратын шаралар қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органды айқындау маңызды.

Халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында сот жүйесіне «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру», «SMS - хабарлама» сервисі, «QR - code» жүйесі тәрізді ақпараттық технологиялар пайдаланылады. Мұндай жаңашылдықтар халықтың сот қызметіне қолжетімділігін арттыра түсті.

Қазіргі таңда, азаматтар мен заңды тұлғаларға «Сот кабинеті» сервисі өте тиімді. Кез келген уақытта азаматтар электронды түрде арыздарды, талап арыздарды, шағымдар мен өтінішхаттарды жолдап, сот актілерімен танысып, олардың орындалу барысын қадағалай алады.

ҚР соттарының барлығы дыбыс – бейне жазба құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Сот отырысының залдары тұтастай дыбыс - бейне жазбаның жаңа жүйелерімен жасақталған. Бұл жүйе жазылған ақпаратты бұрмалауға жол бермейді. Сонымен қатар, сот отырысын мобильді қосымшалар көмегімен қашықтықтан қарауға жол ашады. Сервистердің барлығы сот отырысына қатысушылардың уақытын үнемдеу үшін жасалып отыр.

Елімізде сот жүйесі бірнеше мәрте реформаланып, тәуелсіз сот билігі қалыптасты. Қазақстан Республикасындағы “сот билігі” институты туралы ғылыми зерттеулерді, тәжірибелік тоқтамдар мен ұсыныстарды аяқталды деп есептеуге әлі тым ерте.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың мазмұнына жүгінсек, аталған тақырыптың кең ауқымын, өміршеңдігін байқауға болады.

Ендігі біздің алдымызда тұрған бүгінгі міндетіміз — қол жеткен табыстармен шектелмей, алға, болашаққа қарай қадам басуымыз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Заңгер» Қазақстан Республикасының құқық жаршысы № 2 (259) 2023

2. Алиев Мирбашир Мирахмед Оғлы. «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен құқық қорғау органдары». Астана, 2020
3. «Заңгер» Қазақстан Республикасының құқық жаршысы № 12 (269) 2023